

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

ИСЛАМ

Қазақстан
мұсылмандарының
діни-танымдық газеті

ЖӘНЕ

ӨРКЕНИЕТ

№2 (50) АҚПАН, 2005 ЖЫЛ

Суретте: Талдықорған қаласы іргесіндегі Еркін ауылындағы жаңа мешіт. Ол белгілі заңгер М.Нәрікбаевтың демеушілігімен салынған.



ОСЫ САНДА:



**ДИНБАСЫ
ҮНДІСТАНДА**

2-бетте

**ДИН -
ҰСТАНСАҚ,
ҚАНА ДІН**



3-бетте

**БІР ӨЛКЕДЕГІ
ДИНІМІЗДІҢ
ТАРИХЫ**



5-бетте


**ДИНИ ДИВЕРСИЯЛАРҒА
ТОСҚАУЫЛ ҚАЖЕТ**

6-бетте

**ҚАЖЫПЫҚҚА
ҚҰШТАРПЫҚ**



8-бетте



**ҚЫЗЫМ
МЕНІҢ...**

10-бетте



Әбсаттар қажы ДЕРЫСӘЛІ
(Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти):

“ДІН МҰРАТЫ – ҮНТЫМАҚ ПЕН ИМАНДЫЛЫҚ”

Қазақстанға Ислам дінінің келгеніне 1250 жыл болды. Өз табиғаты мен болмысына барынша жақын асыл дінді танып-білген бабаларымыз оны сонау VIII ғасырда-ақ қабылдаған. Содан бері Ислам жұртымыздың жүрер жолы, бағыт-бағдары, қорғаны, тірегі де болып келеді. Ел басына күн туып, ұлттың сақталып қалуын таразылар шақ туғанда да ата дініміз көңілге медеу, күш-қуат болды. Солай болып келеді де.

Ислам өркениеті қазақ халқына Отырар, Сайрам, Түркістан, Өзкент, Сығанақ, Тараз, Баласұғын және т.б. білім һәм үлкен мәдениет ордаларын жасап, талай ғұлама ғалымдарды, танымал, теологтар мен шайырларды берді. Ислам қайнарынан сусындаған ондай кемеңгерлер ғылым мен білімді дамытуға барынша үлес қосты.

Патшалық Ресейге бодан болған кез бен атеизм үстемдік еткен кешегі 70 жылғы қызыл империя саясаты оларды ұмыттыруға тырысқанымен, халқымыздың ата дініне деген махаббатын өшіре алмады. Ел егемендігін алған он төрт жылда руханиятымыз да қайта түлеп, Әбу Насыр әл-Фараби, Исмайыл әл-Жауһари әл-Фараби, Махмуд ат-Тарази, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри секілді даланың дана да дара перзенттері салған ғылым, білім, парасат жолы қазір қайта жаңғыру үстінде. Дәстүрлі Ислам дінінің Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын халқымыз өркениеттілік пен даму жолына түсті. Мемлекеттің қолдауының, халық бастамасының арқасында осы аз уақыт ішінде мыңнан астам мешіт бой көтеріп, халықтың имандылығы артуына мүмкіндігінше ықпал етуде. Елбасынан бастап, түрлі деңгейдегі мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялылар мен жалпы елжанды азаматтар шама-шарқынша Алла ризашылығы үшін мешіттер салдыруда.

Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз өзінің хадис-шөріпінде: “Мешіт қандай мақсатпен салынса, сондай мұратқа қызмет етеді”, – дейді. Мешіт ең әуелі Алла Тағала ризалығына бөленуі үшін салынуы тиіс. Сондай-ақ ол жамағатты қашанда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын бірлікке, имандылыққа ұйыту үшін қызмет етуі қажет.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да өзінің сан-салалы қызметін Мемлекет басшысының ішкі-сыртқы салиқалы саясатына қолдау білдіре отырып, көп ұлт пен ұлысты еліміздің ынтымағы мен бірлігін күшейте түсуге бағыттап отыр. Өйткені, дін адамдары қашанда бейбітшілік, әділдік, имандылық туын көтергендер қасынан табылуы ләзім. Алла Тағала адам баласына бейбітшілік пен әділдікті сый етті. Олай болса Жаратушы Иеміз сыйының бағасын біліп, қастерлеуге тиіспіз.

Ислам діні мемлекетте, қоғамда тыныштық, әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса біз таза діни істерден басқа осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені, адам баласы қайырлы ісімен ғана Жаратушыға жақындайды.

Иә, қазіргі таңда дін үлкен күшке айналды. Бірақ, сол күштің кімнің қолында екендігінің мәні зор. Егер ол содырлар немесе діни фанатик, яки экстремист пен дүмшелердің қолына тисе, халық қасірет шегеді. Ал, зиялылар басқарса, дін көркейеді, ел марқаяды. Дін мемлекеттің рухани тіректерінің біріне

айналды. Ал, мемлекет күшті болса, оның діні де беделді. Сондықтан, қазіргі тартысы көп қым-қуыт, алмағайып кезде діндераралық ынтымақ пен бірлік аса қажет. Біздің діни мәселелерге арналған түрлі алқалы жиындарда Исламның ізгілікке негізделген, имандылық пен рухани тазалықты ту еткен дін екенін айтумен қатар, ынтымақ, бірлік, татулық, сабырлық, түсіністікке шақырып, бейбіт қатар өмір сүру баршаның мақсат-мүддесіне сай келеді деуіміздің де себебі осында.

Ислам адамның абыройы мен ар-ожданын бәрінен де жоғары қояды, отбасы мен қоғам бірлігін, ынтымағын сақтайды, әлеуметтік әділетті көздейді. Адамды былай қойғанда, он сегіз мың ғаламның тіршілік иесінің бірде-біріне қылдай қиянат жасауды қоспайды.

ұйымының тізгіні де Түркияда. Осы шура төрағасының бірінші орынбасары ретінде Босния мен Герцоговина астанасы Сараево мен Кипрде өткен екі конференциядан түйгенім: Ұйым әлем халықтарының дені мекендеген Еуразия құрлығында өзара келісім, татулық, түсіністік, ынтымақ пен бірлік болуын мұрат тұтады. Қызметі осыған саяды.

Барша мұсылман үшін ең қасиетті де киелі саналатын Мекке мен Мадина қалалары орналасқан Сауд Арабия Корольдігімен де рухани байланысымыз орнықты. Мүмкіндігі келген әрбір мұсылман үшін парыз болған қажылық амалы сонда өтеледі. Діни басқарманың мұрындық болуымен қажылықты өтеуді жүйелеу мақсатында Қазақстан-Сауд Арабиясы арасында мемлекеттік деңгейде келіссөздер жүргізілді. 2002 жылы эр-Риядқа еліміздің сол кездегі Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед екеуміз арнайы іссапармен барып, қажылық министрі Аяд бин Әмин әл-Маданимен келіссөз жүргіздік. Нәтижесінде екі жаққа да тиімді хаттамаға қол қойылды. Корольдіктің жоғары деңгейдегі басшылығының да қолдауында

айтумен болды. 2006 жылы тағы да Елордада өтетін II Құрылтайға қатысып қана қоймай, қолдау білдіріп баяндама жасауға өзін екенін қайта-қайта мөлiмдеді. Сипоизм кезінде үндiлiктер Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевты Джавахарлал Неруге теңеп те жатты. Бұл жәйт бiздiң көңiлiмiздi көтерiп, мерейiмiздi тасытты.

Осыдан екі күн бұрын, ұлыстың ұлы күні – 22 наурызда Астанада республикамыздағы ең үлкен мешіттің салтанатпен ашылуының куәсі болдық. Еліміздің кіндік қаласындағы Садуақас қажы Ғылмани атындағы жалғыз ғибадатханаға келушілер саны жыл сайын арта түсуіне қажеттілігі өткен ғасырдың соңғы жылдарында ерекше біліне бастады. Содан мешіт салудың сәті түсті де. Мемлекетімізге Қатардың өмірі шейх Хамад бин Халифа әл Санидің 1999 жылы сәуір айында ресми сапары болды. Сол зиярат кезінде өмір Президент Н.Ә.Назарбаевтың өтінішіне орай еліміз астанасында “Ислам орталығы” салып беру жайлы уәде етті. Көп ұзамай “Орталықтың” жобасы әзірленіп, талқылаудан өтті. Елбасымыз оны Астананың сол жағалауына, болашақ орталыққа салу қажеттігін

Ислам – бейбітшілік, зиялылық, имандылық, шапағаттылық, қайырым, мейірім діні. Ол тек арабтарға немесе белгілі бір ру, тайпа, ұлт, нәсілге емес, бүкіл адамзатқа түсірілген. Олар ынтымақта болсын, бірін-бірі танысын-танымасын, достықта өмір сүрсін деп түсірілген.

Исламның басты мұратының бірі – адамдар арасында бейбіт қарым-қатынас орнатып, тыныштықта өмір сүру. Сондықтан діндераралық алауыздықтар мен түсінбестіктерге жол бермеу және алдын алу үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей ұйытқы болуымен Астанада 2003 жылы өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезінің мән-маңызы ерекше болды. Оған дүниежүзінің көптеген елдерінің мемлекет, қоғам, дін қайраткерлерінің түрлі жиын мінберлерінен айтқан һәм бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған пікірлері дәлел бола алады.

Осылай Елбасымыздың әлемдік қауымдастықтағы беделінің жоғарылығының арқасында дінімізді өркендетуге де мүмкіндік туып, өсіресе мұсылман елдерімен діни-рухани байланысымыз өсу үстінде. Алматыдағы Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті де Қазақстан-Мысыр мемлекеттері басшыларының өзара сыйластығының жемісі.

Қаирде жыл сайын көктемде өтетін дәстүрлі халықаралық Ислам конференциясына бірнеше рет шақырылып, қатыстым. Соның бірінде республикамызда араб тілі мен әдебиеті ғылымының негізін салып, дамытқанымыз, кадрларын даярлауды ұйымдастырып, жолға қойғанымыз, ислам діні мен мәдениетін, әдебиетін насихаттағанымыз үшін Египет президенті Хосни Мубарактың арнайы қабылдауында болып, қолынан I дәрежелі “Ғылым-білім” орденін алдым.

Қаирдегі әйгілі әл-Азһар аш-Шариф университетінде қазақтың көптеген жастары білім алып, елімізге дипломмен оралады. Бұл елмен байланысымыздың тарихына көз жүгіртсек, тамыры тереңде екенін көреміз. Орта ғасырларда отырарлық көзі ашық, көкірегі ояу зиялылардың кейбірі Қаирде тұрып, қызмет етіп, осы жұрт мәдениетінің тарихында өзіндік із қалдырған. Әлденеше ғасырлар бұрын Султан Бейбарыс бабамыз сонда билік еткен. Ол жайлы мысырлықтардың пікірі жоғары, өлі күнге дейін құрмет тұтады. Бейбарыс салдырған мешіт те Қаирде өлі күнге дейін тұр. Бабамыздың ескерткіш жәдігері ретінде Қазақстан Үкіметі оны өз қамқорлығына алмақ.

Еліміздің егемендігін бірінші болып таныған, діні де, тілі де бір түрік бауырларымыз бізге атеизм салдарынан кенжелеп қалған дінімізді көтеріп, аяғынан тұруына қолдарынан келгенше көмек көрсетуде. Жыл сайын бір топ имамдарымыз осы елдің білім жетілдіру курстарында оқып қайтады. Ана тілімізде өз мөзһабымызға сай діни кітаптар шығарып беріп жүр. Екі ел Діни басқармаларының келісім-шартына сәйкес облыс орталықтары мен ірі қалалардағы бірқатар мешіттер жанындағы діни сауат ашу курстарында 30-ға жуық түркиялық ұстаздар Құраннан сабақ берді. Діни басқарма ұйымдастыратын түрлі іс-шараларға, атап айтқанда Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың туған күні – мәулітті атап өтуге, Құран жарыстарына, мешіттер салуға атсалысуда. Түркияның бірнеше қайырымдылық қоры бізбен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Халықаралық Еуразия Ислам шурасы

болдық. Олардың Қазақстанға деген көзқарастары, ынты-ықпалы жақсы. Бұған өсіресе бытырғы наурыздағы Елбасымыздың сол елге жасаған ресми сапары барысында көзіміз айқын жетті. Президент кіші қажылықты өтеді. Корольдің рұқсатымен қасиетті Каба мен Мадинадағы хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз кесенесіне кіру бақытына да ие болдық. Мұндай үлкен құрмет кез-келген Ислам мемлекеті басшыларына көрсетіле бермейді. Сол сапар барысында Сауд ханзадасы Султан бин Әбдел Өзиз Елбасына ерекше сый-құрметінің белгісі ретінде Қызылжарда сәулетті жаңа мешіт салу үшін 2 млн. АҚШ долларын бөлді.

Сауд Арабиясымен қарым-қатынасымыздың тарихы да өріден басталады. Саны ешкімге де белгісіз қаншама қандастарымыз қажылыққа жаяу-жалпылап та, көлікпен де, тау асып, теңізде кемемен жүзіп, Алланың үйіне жетуге асыққан. Солардың қаншасының сүйегі жолда қалды. Құнанбай сұлтан бас болып, сонда такия салдырған. Кешегі атеизмнің қылышынан қан тамған жылдары біз одан да көз жазып қалдық. Егер байланыс үзілмегенде бүгіндері ол қонақ үйге айналар ма еді?!

Біріккен Араб Әмірлігі де елімізде көптеген қайырымдылық іс-шараларын атқарауда. Алматы облысы, Қаскелең қаласында қыздар, Қапшағайда ер балалар үшін пансионат ашқан. Тұрмысы төмен отбасыларға шама-шарқынша Құрбан айт кезінде азық-түлік үлестірсе, қасиетті Рамазан айының әр кешінде ауызашарлар ұйымдастырады. Олардың сауабы мол тағы бір қызметі – еліміздің бірқатар аймағында бірнеше жылдан бері мешіт салуда. Шамамен отыздан астам Алла үйінің бой көтерілуіне демеушілік жасалды. Қазір белгілі жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаың туған ауылында мешіт тұрғызылуда. Биылғы күзге дейін қазақтың ең қасиетті де құйқалы жері – Ұлытауда содан шыққан көсіпкерлер мұрындық болып, қолға алған мешіт құрылысына да Әбу Даби қайырымдылық қоры тиісінше қолғабыс тигізеді деп сенеміз.

Бытырғы мәулітке Сингапур дінбасының шақыруымен сонда болғанымда да екі ел арасындағы діни-рухани байланысты күшейтуге деген ынты-ықпалдың күштілігін сезініп, сүйсіндім. Көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай һәм Таратарстан діни басқармаларымен де байланысымыз өрістеу үстінде.

Үндістан мен Малайзияда өткен халықаралық дәстүрлі қасиетті Құран жарысына арнайы жіберген қариларымыздың алды жүздеген оралып жүр. Сондай жарыстарды ұйымдастырушылардың шақыруымен өзін де Үндістанда болдым. Осы ел Қазақстанға, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бейбітшілік сүйгіш парасатты саясатына танданыстары мен сүйсіндістерін жасырмайды. Үнді Президенті Абдул Каламның қабылдауында болғанымда да ол кісімен бұл жайлы арнайы сұхбаттастық. Жуырда осы Үндістанның Бомбей қаласында діндераралық татулық мәселесіне арналған халықаралық симпозиум өтті. Оны ұйымдастырған 2003 жылы қыркүйекте Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің I съезіне қатысқан профессор Ш.К.Сомайя мырза.

Сипозиум барысында ол Қазақстан жайлы, Астана съезінің тағылымы туралы

айтып, жерін де белгілеп берді.

Сонымен 2002 жылы “Ислам орталығының” құрылысы да басталып кетті. Мешіттің іргетасы қаланғаннан бастап, бітіп, салтанатпен ашылуына дейін мемлекет басшысының өзі қадағалап отырды. Бірнеше рет келіп, құрылыс барысымен танысып, ақыл-кеңес берді. Соның арқасында ол дер кезінде бітіп, ел игілігіне айналды.

Мешітті қасиетті Құран аяттарымен өрнектеуді осы салада тәжірибесі бар Ғазиз Ешкенов деген азамат жауапкершілігіне алды. Мешіт күмбездерін көтеріп тұрған құшақ жетпес 8 үлкен ұстындары мен қабырғалары мұсылмандар сөзге еткенде құбылаға бас қоятын михрабы және өзге де тиісті жерлерін нақыштауда қазақтың ұлттық дәстүрлі ою-өрнектері пайдаланылды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шешімімен ғибадатханаға “Нұр-Астана орталық мешіті” деген ат берілді. Астана өуежайына қалаға, шаһардан өуежайға қатынайтын жұрт міндетті түрде бас мешіттің батыс жағындағы даңғыл арқылы өтеді, яғни Алла үйі елімізге келген қонақтар мен жолаушылардың Қазақстан секілді мұсылман еліне келгендігін айдан анық білдіреді.

“Нұр-Астана мешітінің” жобасын ливандық сәулетші Чарльз Хазифа жасаған. Салған түріктің – “Пасинер” фирмасы.

Мешіт жанында “Имам үйі” деп аталатын ғимарат тұр. Оны әзірше діни басқарманың кеңесі етпектіз. Болашақта ҚМДБ кеңесі салынса, ол өз орнымен пайдаланылады. Сондай-ақ келушілер мұнан тағы 2 қабатты бір ғимаратты да байқайды. Жоба бойынша ол медресе болуы керек. Оны сол мақсатқа пайдалансақ деп отырмыз.

“Нұр-Астана орталық мешіті” халқымыздың төл мерекесі Наурыз күні үлкен салтанатпен ашылды. Оған Елбасының қатысып, сөз сөйлеп, халықты құттықтауы өте есте қаларлық жәйт болды.

Сондай-ақ, Н.Ә.Назарбаев мешітке 1994 жылы Саудияға барған алғашқы сапарында Король Фаһд Әбдел Өзиз ерекше құрметінің белгісі ретінде берген қасиетті мұбарак Кағбаның киімі – Кисуаның бір бөлігін және Меккеде басылған Құран көрімді сый етті.

Алла Тағала қасиетті Құранда: “Мешіттер Алланикі. Алла тұрғанда басқа ешкімге ғибадат етпеңдер” (“Жын” сүресі, 18 аят), – дегендей, тек Жаратушы Иемізге ғана мінажат етіп, өзіне, отбасына, еліне, Отанына, халқына тілек тілейді.

Бізге қазір мейрамханалар мен ойынханалар емес иманды азаматтар мен жұртты имандылыққа шақыратын, тәрбиелейтін осындай мешіттердің көп болғаны жөн. “Алла тартқан желіден (діннен) бекем ұстап, айырылмандар” (“Әл-Имран” сүресі, 103 аят), – делінген қасиетті Құранда. Ләйімі солай болғай.

Осындай жүрек жадыратып, мерей тасытар игілікті істердің бәрі де тәуелсіздік, егемендік, Елбасының парасатты басшылығының арқасында ғана іске асып отыр. Олай болса тәуелсіз еліміз, сүйікті Отанымыз, Патшамыз, тіліміз бен дініміз аман болсын, Алла Тағала оманда бәрімізге жар бола берсін. Әмин!

“Егемен Қазақстан”,
24 наурыз, 2005 жыл.